

ӘОЖ 321(091); 34(091)

Ә.Қ. Бердібаева

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, заң факультеті, з.ғ.к., Қазақстан, Алматы қ.

E-mail: Sheali@mail.ru

### Қазақ әдет-ғұрып құқығында шарттық қатынастарды реттейтін құқықтық нормалардың ерекшеліктері

Мақалада қазақ қоғамында көшпенді өмір салтымен қатар жүрген қатынастарды реттеу тетіктері сипат алады. Бұл жөніндегі зерттеуші ғалымдардың ой-пікірлері айтыла келіп, қазақ қоғамындағы шарттық нормалардың қалыптасу себептері ашып көрсетіледі. Сонымен қатар қазақ қоғамындағы тұрмыстық, сауда-саттық және өзге де шарттық қатынастарды реттеген нормалардың қайнар көздері сипат табады. Сол қайнар көздерді талдау нәтижесінде шарттық қатынастардың түрлері жіктеліп шығарылған. Нәтижесінде қазақ қоғамындағы шарттық қатынастарды реттеген нормаларды талдай келе өзіндік қорытындылар жасалды.

**Түйін сөздер:** руханият пен әдептілік, әмбебап, салт-дәстүр, кодификацияланған, рухани қағидалар.

А.К. Бердибаева

#### Особенности правовых норм, регулирующих договорные отношения в казахском обычном праве

В статье описываются рычаги, регулирующие договорные отношения, складывавшиеся параллельно с кочевническим образом жизни казахского общества. Приводя мысли и взгляды многих ученых-исследователей, автор раскрывает причины формирования договорных отношений и норм, регулирующих их. А так же описывает источники норм, регулировавших договорные отношения, такие, как купля-продажа, мена и иные бытовые отношения. В результате характеристики отдельных источников казахского обычного права выводятся виды договорных отношений. И конечно же, толкование норм обычного права в данном свете дало возможность сделать собственные заключения.

**Ключевые слова:** нравственность и учтивость, универсальность, обычаи, кодифицированный, духовные принципы, нравственные принципы.

А.К. Berdibaeva

#### Features legal rules governing contractual relations in Kazakh customary law

This article describes the control levers contractual relations develop in parallel with the nomadic way of life of the Kazakh society. Resulting thoughts and attitudes of many scientists researchers discovers reasons for the formation of contractual relations and norms governing their. And also describes sources of norms in managing contractual relationships such as purchase and sale, exchange or other domestic relations. As a result, the characteristics of individual sources Kazakh customary law derived types of contractual relations. And of course the interpretation of customary law in the light of dan made it possible to make your own conclusion.

**Key words:** morality and uchtivocht, versatility, customs, codified, spiritual principles, moral principles.

Еуразияның Батыс Сібір және Орталық Азия бөлігінде ХІ-ХІІ ғасырларда тайпалармен тайпалық бірлестіктердің интеграциялану нәтижесінде қазақ халқы қалыптасып, ХІХ-ғасырда Қазақ хандығының құрылуымен аяқталды. Сол жайлаулы кеңістікте руханилық пен әдептілік қағидалары негізінде түрік этносының тілдік мәдениеті қалыптасып өз

бекінісін тапты. Олардың ішінде қазақтың әдет-ғұрып құқығы ерекше орын алды. Ұзақ даму жолынан өткен қазақ әдет-ғұрып құқығы көптеген факторлардың әсерімен қалыптасты, олардың ішінде руханият пен әдептілік қағидалары ерекше орын алды. Қазақ қоғамының көшпелі өмір салты кең даланы игеруге септігін тигізді. Бұның өзі аса төзімділікті және қазақ қоғамының са-

яси және әлеуметтік экономикалық өмірінің қалыптасуының негізі болған жоғары руханилық қағидасын талап етті. Осылардың негізінде құралған көшпенділік өмір әрбір мүшесінен әділеттілікті, қонақжайлылықты, еріктілік пен жасы үлкенді сыйлау, сондай-ақ, бейбітсүйгіштік пен бір-біріне қол ұшын беруге талпыну сияқты қасиеттерді қалыптастырды. Мұның бәрі басқа құқықтық жүйелерден ерекшелене түскен қазақ әдет-ғұрып құқығында көрініс тапты. Қазақ халқымен өмірлік тұрмыс жағдайларының әсерімен өңделген әдет-ғұрып құқығы халықтың жалпы құқықтық көзқарастарын қамтып, көптеген ғасырлар бойы оны бірауыздан сақтау арқылы жүзеге асырылды. Қазақтардың әдет-ғұрып құқығында дәстүрлі сипатпен қатар өмір ағымына қарай өзгеру қабілеттіліктері де көрініс табады. Бұл орайда академик Зиманов былай деп жазады: «Қазақ құқығының Қазақстанның кеңбайтақ даласында болып өткен барлық өзгерістермен революцияларға қарамастан алғашқы кейпінде өмір сүргіштігі оның негізінде, оның құқықтық жүйесінде адамның ерікті, шынайы бостандығының, яғни адам мен адамзаттың ұдайы талпынысына үндес рухани идеалдар және қағидалар жатқандығымен түсіндіріледі. Бұл – қазақ құқығының узурпаторлар қанжалдарынан мен олардың режимдерінен бекем болуының ең бірінші себептерінің бірі» [1, 38 бет.].

Осындай пікірлерді атай келе, қазақ қоғамы өмірінің реттеушісі болған қазақтардың әдет-ғұрып құқығының ғасырлар бойы өмірдің талай ағымына төзіп келуін:

– руханият пен әдептілік қағидаларын дәріптейтін тайпалық және қауымдық өркениеттің құқықтық әдет-ғұрпын ұзақ уақыт бойы қолданылуымен;

– адамның рухани болмысы мен әділдік және бостандыққа талпынуымен;

– халықтың өзіне анағұрлым жақын шаруашылық-тұрмыстық көзқарасын қалыптастыруға әсер ететін көшпенді өмір сүру ерекшеліктерімен сипаттауға болады.

XIX ғасырдың ғұлама ойшылы Абай Құнанбайұлы өзінің қара сөздерінде әділеттілік пен құнықтылыққа негізделген нормалар халықпен мұқият сақталатын дәстүр мен әдет-ғұрып түрінде қызмет етіп өмір сүреді, сондықтан да олар ғасырлар бойы тәжірибелік

мәнді және қолданымды деп атап көрсетеді. Қазақ қауымының өмірін реттеген әдет-ғұрып құқықтық нормалардың гуманистік идеяларының жариялығын Абай қазақ халқының жоғары руханияттылығынан көрді. Қазақ даласында патшалық текен феодалдық-туыстық қатынастар жағдайында да Абай түрік тілдес көшпенді өркениеттің рухани тереңдігін тиісінше бағалай білді және солардың ішінде қазақтардың әдет-ғұрып құқығын атап көрсетеді. Абай адам бостандығы толық болуы тиіс, демократиялық бостандық болмаған жерде экономикалық бостандық та болмайды деп көрсетеді [2, 160 б.].

Өндіріс пен тауар айырбастаудың тұрмыстық және шаруашылық мұқтаждықты қанағаттандыру қажеттілігімен анықталатын шынайы патриархалдық сипаты қазақтың әдет-ғұрып құқығының шарттық нормаларының қалыптасуына септігін тигізді. Ешбір қоғам оның экономикалық даму деңгейіне қарамастан тауар айырбастау, материалдық өнімді иемдену аясындағы қатынастарсыз және оларды реттеу әдістерінсіз өмір сүре алмайды. Қауым мүшелері арасында жасалып жатқан келісімдер оның тұрмысының әртүрлі тараптарына қатысты болып, жоғары руханият қағидасына негізделді. Билердің міндеттемені бұзуға байланысты даулар бойынша шығарған шешімдері әдет-ғұрып құқықтық нормалар негізінде жасалып, аса даналықпен, әділеттілікпен ерекшеленді.

Сонымен қатар, қалыпты қазақ қоғамындағы шарттық қатынастарды реттеген әдет-ғұрып құқықтық нормалар ғажап еді, себебі олар бір жағынан, өзінің ішкі байланысы бойынша біртекті болса, екінші жағынан, басқа нормалармен сыртқы байланыста болып, қоғамдық қатынастардың басқа да аяларында қолданылуы әбден мүмкін еді (мысалы, қылмыстық не отбасылық). Осыған орай, қазақ қоғамында шарттық қатынастарды реттеген құқықтық нормалардың ерекшеліктерін – олардың әмбебаптылығын бөліп қараған жөн болар.

Қазақ хандары әлсін-әлсін әдет-ғұрып құқығын кодификациялауға тырысып отырды. Мәселен, қоғамдық санада шынайыланған әдет-ғұрып құқығы нормалары қазақ қоғамындағы шарттық қатынастарды реттеген құқықтық нормалардың болғандығына жарық түсірген Қасым ханның қасқа жолы және Жеті жарғы

сияқты жазбаша әдет-ғұрып құқығында өз көрінісін тапты.

XVI ғасырда пайда болған Қасым ханның қасқа жолы біздің уақытқа дейін толық көлемде сақталмаған, дегенмен бұл тарихи құжаттың сақталып қалған үзінділері өткен жүзжылдықтың қазақ ағартушылары мен орыс зерттеушілеріне белгілі бір көлемде оны қалпына келтіруге мүмкіндік берді. Бұл құжаттар ғалымдардың оның мазмұнын анықтап, қазақ қоғамындағы шарттық қатынастарды реттеуге байланысты белгілі бір мәліметтерді алуға мүмкіндік берді. Еркін Әбіл Қасым ханның қасқа жолы бес бөлімнен тұрды және құқықтық дәстүр салттарының қолданылу біртектілігіне қарай кодификацияланған деп көрсетеді. Олардың бірі сатып алу-сату, айырбас, қарыз, сыйлау шарттары сияқты шарттардың жекелеген түрлерін жасау мен орындауға байланысты нормаларды шолып өтетін міндеттемелік қатынастарды реттеуге бағытталған бөлім болып табылады. Бұл міндеттемелік қатынастардың ерекшелігі сол патриархалдық-шынайы қатынастар жағдайында қатынастар жекелеген әлеуметтік қоғам ішінде пайда болатындықтан, қауымаралық не олардың ішіндегі қатынастар реттеліп отырды [3, 100 б.].

XVII ғасырдың аяғы мен XVIII ғасырдың басындағы әдет-ғұрып құқығының кодификациялануының мысалы ретінде Тәуке ханмен жасалған "Жеті жарғы" деп аталған әдет-ғұрып құқықтық жинақты атап көрсетуге болады. Ол өткен жүзжылдықтардағы қазақтың әдет-ғұрып құқығының негізгі ресми жинақтарының бірі болып табылады.

Бұл жөнінде Н. Усеров Тәуке хан үш жүзді біріктіруге, қазақ қоғамындағы мемлекеттік бастаманы күшейтуге тырысты, сондықтан да болар бұл жинақта айырбас қатынастарын реттейтін нормалар жоқ. Бұл жинақта Тәуке хан қазақ қоғамының дамуының ерте кезеңіндегі құқықтық салт-дәстүрді кодификациялап қана қоймай, көшпелі қоғамның жаңа жағдайларын да көздегендігін көрсетеді [4, 17 б.].

С. Өзбекұлы өз еңбектерінде Тәуке хан қазақ халқының көрнекті мемлекеттік қайраткері болды деп көрсетеді. Қазақ даласына жоңғар қалмақтарының қысым көрсету алдында қазақ қауымының бірігуінің тарихи мәнін ұғынған ол біртұтас жинақ жасауға талпын-

ды. Оның мақсаты бір ресми құжатта әдет-ғұрып құқықтық нормаларын біріктіру болды, әрине, басым күш қылмыстық құқық нормаларына салынды. "Жеті жарғы" жеті бөлімнен тұрды, ол жесір мен жетімнің жеке құқықтары мен туыстары және қауымның оларға қатысты міндеттемелерін реттеуге арналған міндеттемелік мүліктік қатынастарды бекітті деп көрсетеді. Бұл ескі ескерткішті зерттеген зерттеушілер оның үш бөлімнен тұратындығын атайды: біріншісі, қазақтардың ескі әдет-ғұрып құқығы (Қасым ханның қасқа жолы); екіншісі, Есім хан заңы және үшіншісі, Тәуке хан тұсында қабылданған заңдар. С. Өзбекұлы: "Жеті жарғының әрбір тармағы қазақтың тәжірибелік қоғамдық өмірінің көрінісі ретінде және ұлтты қорғау үшін, көшпенді өмірдегі қоғамдық қатынастарды реттеу үшін пайда болды", – деп жазады [5, 17-30 беттер].

Жеті жарғының мәні сол, Тауке хан барымта, қауымнан қудалау, қандық кек алу сияқты дәстүрді шектеу, әдет-ғұрып құқығы нормаларын реформалауға тырысты. Бұл жинақ шарттық қатынастарды Қасым хан заңына қарағанда аз қамтиды, себебі ол, негізінен, мемлекеттік билікті күшейту мақсатында құрылды. Мысалы, Қасым хан жинағында айырбас қатынастары туралы, олардың қатысушылары кім болатындығы туралы жеткілікті айтылған.

Қазақ қоғамында шарттардың болғандығы туралы анағұрлым ауқымды мәліметтер Ш. Уәлиханов, Н. Гордекова, А.И. Левшин сияқты қазақ және орыс ғалымдарының еңбектерінде көрініс табады. Олар қазақ қауымында жасалып отырған шарттар жүйесінің нақты әрі реттелген күйде, оның мән-мағынасы, түрлері мен нысандары туралы, сондай-ақ бұл қатынастардың объектісі мүлік болғандықтан, бұл қатынастар тек мүліктік сипатта көрінетіндігін куәландырады. 1886 ж. Семей статистикалық комитетімен жинақталған қазақтың әдет-ғұрып құқығының материалдары Рим және Ресей империясындағы мүлік жылжитын және жылжымайтын болып бөлінген жоқ. Көшпенділік өмірдің негізгі құндылығын мал құрады. Сондықтан да мал және басқа да мүлік деп бөлінді. Қырғызша мал – байлық, ал қалғандары жылжитын және жылжымайтын мүлік. Бұл құжаттарда қырғыздардың мүліктік қатынастары тауып алу, мұраға қалу, сыйлау

шарттары құқықтық фактілер мен мәмілелерге негізделетіндігі көрсетіледі. Осылардың ішінде анағұрлым жиі кездесетіндері: 1) мұраға алу жолымен, яғни ата мұрасы; 2) өз-табасы, яғни игілікке ие болу; 3) бұрышты мал, яғни азаматтық мәмілелер (сауда-саттық, құда түсу, жалдау). [6, 464 б.]. Бұдан қазақтың әдет-ғұрып құқығында мүліктік құқықтықтарға ие болу негізі ретінде келісім-шарт қаралғандығы анық екендігін көреміз. Олар еркіндік қағидасы негізінде жасалып, шынайы және тиісті негізде бұлжытпай орындалатын.

Бұдан басқа шарттар қалыңмал мен құда түсуге байланысты отбасылық қатынастарда қолданылды. Жетісу облыстық баспаханасында жарық көрген қырғыздың әдет-ғұрып құқығы жинағында: «Неке – әйелді некелік бірге тұру үшін алу мақсатында жасалатын шарт», – деп тікелей айтылған [6, 393 б.]. Некенің негізгі нысаны ретінде қалыңмал төлеумен болатын неке болса, келісімшарттың негізгі шарттарының бірі қалыңмалдың, той шығындарының және төсекорын көлемі туралы болатын.

Некеге тұру келісімшарттың негізінде жүзеге асырылғандығын Өскемен халық соттары мен Семей уездерінің 1896 ж. Ережесінде: «Қырғыздарда құдалар бір-бірімен киіт деп аталатын сыйлықтармен алмасуы тиіс, олардың құндылығы болашақ ерлі-зайыптылардың ата-аналарының жағдайына және қалыңмал көлеміне байланысты. Киіт алу оны алғанды қалыңмал төлеуге міндеттейді», – деп тікелей жазылған. Бұл некеге тұрған кезде міндеттемелік шарттың қолданылғандығын куаландырады [6, 208 б.].

Ал 1884 ж. қабылданған Ереже некеге тұру шарттарын анықтады. Ол «Неке шарты құдалар бірге құйрық бауыр жеген кезде жасалды деп есептеледі» дегенді білдірді [6, 78 б.]. Сонымен қатар нақ осы Ереже неке қатынастарын реттеген әдет-ғұрыптық нормаларға елеулі өзгеріс енгізді. Бұл, ең алдымен, әмеңгерлік институтының мәнін жойды. Енді бұдан былай жесір әйел күйеуінің бауыры не бір туысына шығу-шықпауды өзі шешетін болды.

Қазақстанның Ресейге қосылғанға дейін қазақ қоғамындағы шарттар қауым мүшелелерінің қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталған тұрмыстық сипатта көрінді және олардың түрлері де шектеулі болды. Ал Ре-

сейге қосылғаннан кейін тауар айырбас аясы кеңейгеннен, құқықтың жаңа қайнар көздері пайда бола бастағаннан кейін шарттық қатынастарды реттеу қарқыны құқықтық шарттардың жаңа түрлері пайда болу түрінде арта түсті. Азықты алу және айырбастауға байланысты қатынастардың реттеушісі ретінде сатып алу-сату шарты қалыптасты. Егер бұрын бұл шарт түрі қазақ қауымының тұрмыстық қажеттіліктерін қанағаттандыруға бағытталса, ендігі ретте оның негізгі мақсаты пайда табуды көздеген коммерциялық сипатқа ие болды. Шарттың пәнін мал құрады. XIX ғасырдың аяғында жасалған «қырғыздардың әдет-ғұрып құқығы жинағынан» шарттық қатынастарды реттеген салт-дәстүрлер сатып алу-сату шартын жасау нысанын ғана емес, шарттың пәні, құны, шарт тараптарының құқықтары мен міндеттері, сондай-ақ шарт талаптарын бұзған жағдайда жауапкершілік те көзделгендігін көруге болады. Мәселен, «Сатушы сатып алушыға сатылып жатқан заттың өзіне белгілі кемшіліктерін айтуға тиіс немесе оны мұқият қарап алуды ұсынады, сол арқылы мәміле жасалғаннан кейін өзінен алатындығын ескерте отырып түсіндіреді. Сатушы бұл талаптарды сақтамаған жағдайда сатып алушы заттың кемшіліктерін байқаған жағдайда мәмілені бұзуды талап ете алады» делінген [6, 415 б.].

Қазақтың әдет-ғұрып құқығында қарыз, жалдау және сақтау шарттарының қолданылғандығы да анық. Бұл жөнінде С.З. Зиманов өз еңбегінде былай деп жазады: «қарыз қатынастарының дамуы салымдардың тарауымен тығыз байланысты болды. Ақшалай алымдарды төлеу немесе өзге де қажеттіліктері үшін қатардағы қазақтар байлардан сыйақысын төлеуді келісе отырып, ақша алатын. Жылдық сыйақы көлемі ссуда көлемінен асып түсетін. Саудагерлер көп жағдайда мұқтаж қазақтарға қарызға нан беретін, есесіне ол сол қарызын өтеу үшін белгілі бір уақытта оның шаруашылығында жұмыс істеуге міндеттенетін. Мұндай байланыс қарыз берушіге ауыл шаруашылығы жұмыстары кезеңінде жұмыс күшін пайдалану үшін тиімді болды» [7, 54 б.].

Қарыз шартының қолданылғаны жөнінде Т.М. Культелеев терастайды. Ол: «XIX ғасырдың екінші жартысында жарық көрген әдет-ғұрып құқығы жинақтарынан біз Қазақстанда тауар-

ақша қатынастарының дамуымен байланысты нормаларды байқаймыз. Шарттардың жаңа түрлерін реттейтін нормалар пайда болды. Соның ішінде осы ғасырдың екінші жартысында Қазақстанда ссуда шарты ерекше даму алды» [8, 301 б.].

Қазақ әдет-ғұрып құқығында сол сақтау шартын білдірген аманат деген ұғым пайда болды. Бұл жөнінде 1824 жылы Омбы уақытша комитетімен дайындалған қырғыз заңдар жинағында аманат шартының мазмұны анықталған: «Егер де бір адамға сақтауға бір нәрсе беріліп, ал ол болса оны тығып не жасырынатын болса, ол үшін сол ел ішінде сыйлы адамның бірі ант-су ішіп, ал басқа бір туысы антын қабылдайды, ал егер ант кері шақырылса кінәлі сақтауға берілгеннің бәрін өтеп беруге тиісті болады. Ал, егер де ол үшін берілген ант ақталып, артынан оның шынымен затты жасырып қалғандығы анықталса, ол ұрлыққа саналып, ол үшін қосымша 9 мал айыппұл төлейді», – деп анықталады [6, 74-75 бб.]. Міне, осы тұжырымдар мен жинақтар нормаларынан қазақ қоғамында келісімшарттар кеңінен қолданылғандығын көреміз.

Мазмұнын өзара құқықтар мен міндеттер құраған міндеттемелік қатынастар шарттардың пайда болуының негізін құрады. Шарттардың көпшілігі ауызша нысанда жасалатын. Тек экономикалық қатынастардың дамып, халық арасында тауар айырбастаудың кеңейуімен шарттар бірте-бірте жазбаша нысанға көше бастады. Шарттарды жасап орындау рухани қағидаларға тараптардың әдептілігіне негізделіп тіптен күмән тудырмайтын. Шарттар ауызша түрде жасалатын болғандықтан, олардың жүзеге

асатындығының кепілі ретінде куә қатысатын. Шарттың ауызша нысаны әдет-ғұрып құқығында береке деп аталатын [9, 280 б.].

Қазақ қоғамында шарттардың орындалуын қамтамасыз еткен нормалар да болды. Олар шарттың талаптарын орындамағандығы үшін шараларды қамтыды.

Қазақ қоғамында шарттық қатынастарды реттеген әдет-ғұрып құқығы нормаларын талдай келе келесідей қорытындылар туындайды:

– әдет-ғұрыптық шарттық құқық белгілі бір қисынға, ішкі байланыс пен басқа нормалармен өзара байланысқа бағынатын нормалар жиынтығын құрады;

– шарттық қатынастарды реттеген әдет-ғұрып құқығы нормалары өздерінің мазмұны бойынша әртүрлі қатынастарда қолданылуы олардың әмбебаптығын көрсетеді;

– қазақ қоғамында қолданылған шарттар түрлері көп болмаса да олар қазақ қауымы тұрмысын толықтай дерлік реттеп отырды;

– қазақ қауымында қолданылған шарттар ауызша келісім түрде қолданылды. Бұл тараптардың бір-біріне берген сөзінің өзі заң болғандығын көрсетті, өйткені әдет-ғұрып бойынша адамның ар-намысы мен беделі жоғары құндылық ретінде қаралды. Ауызша куәліктің өзі шарттың сақталатындығына кепіл болды.

Осыдан келіп қазақ қоғамының шарттық құқығының мазмұны жағынан бір ғажайып, демократиялық екендігін көруге болады. Бұл қазақтың әдет-ғұрып құқығының құқықтық жүйесімен анықталды. Ол қазақ этносы өмірі ерекшелігін, шаруашылық жүргізу, тауар алмас-тыру барысын сипаттайды.

#### Әдебиеттер

- 1 Зиманов С.З. Древний мир права казахов и его истоки /Древний мир права казахов атты кітабында. – Алматы, 2001.
- 2 Абай. Нақыл сөздер. – Алма-Ата, 1983. – 160 б.
- 3 Әбіл Е. История Государства и права Республики Казахстан. – Астана, 2000. – 100 б.
- 4 Усеров Н.У. Исследование правового памятника Жеті Жарғы: автореферат. – Алма-Ата: АН КазССР, 1977. – 24 б.
- 5 Өзбек ұлы С. Хан Тауке и правовой памятник «Жеті жарғы». – Алматы, 1987. – 88 б.
- 6 Материалы по казахскому обычному праву. – Алматы, 1998.
- 7 Зиманов С.З. Политический строй Казахстана конца XVIII и первой половины XIX веков. – Алма-Ата, 1960. – 296 б.
- 8 Культелеев Т.М. Уголовное обычное право казахов. – Алматы, 1995. – 301 б.
- 9 Материалы по истории государства и права Казахстана. – Алматы, 1994. – 280 с.

**Referenses**

- 1 Zimanov S.Z. The ancient world and its law of the Kazakh origins / Ancient world right Kazakhs. Almaty, 2001.
- 2 Abai. Aforizmy. – Alma-Ata, 1983. –160 p.
- 3 Abil E. History of State and Law of the Republic of Kazakhstan. – Astana, 2000. – 100 sec.
- 4 Userov S.T.P.: study legal monument Jeti Zhargy: PhD-dissertation on. – Almaty: Kazakh SSR Academy of Sciences. – L., 1977. – 24 p.
- 5 Ozbekuly S. Khan Tauke and legal monument «Jeti zhargy.» – Almaty, from 1987. – 88 b.
- 6 Materials Kazakh customary law. Almaty 1998 454 s, 365 s, 208 s, 78 s, 415, 74-75 sec.
- 7 Zimanov S.Z. The political system of Kazakhstan late XVIII and early XIX centuries. – Alma-Ata 1960 – 296 p.
- 8 Kultelev T.M. Criminal customary law Kazakhs. – Almaty city, 1995. – 301.
- 9 Materials on the History of State and Law of Kazakhstan. – Almaty, 1994 – 280 p.